DFF – «Просол»

Жоба нөмірі: 56468

Жоба мәртебесі: мақұлданған

Орналасқан жері: Қазақстан

Бизнес секторы: Тамақ өнеркәсібі және агробизнес

Жекеменшік түрі: Жеке

Экологиялық санаты: B

Бекітілген күні:

2026 жылғы 20 қаңтар

Жобаның қысқаша мазмұны (PSD) ағылшын тілінде жарияланған күні:

2026 жылғы 21 қаңтар

«Ақпаратқа қолжетімділік» директивасының 1.4.2 (iii) бөліміне сәйкес: «Директорлар кеңесі бекіту өкілеттігін Банктің операциялық басшылығына берген жағдайларда, ол бекітетін жобалар бойынша жобаның қысқаша мазмұны ЕҚДБ құру туралы келісімнің 13 (iii)-бабына сәйкес қарсылықтың жоқтығы туралы хабарламалар берілетін тиісті кезеңнің басында Банкке мүше мемлекетке жіберіледі».

Жобаның сипаттамасы

Мәміле Қарыз алушыға Қазақстанда жаңа зауытты салу, жабдықтау және пайдалануға беру үшін 6.5 млн еуроға дейінгі мөлшерде ұзақ мерзімді қамтамасыз етілген несие (бұдан әрі – «Несие») беруді көздейді. Несие бойынша толық корпоративтік кепілдікті Италияда тіркелген Prosol S.r.l. жауапкершілігі шектеулі серіктестігі (бұдан әрі – «Кепілгер») ұсынады.

Жобаның мақсаттары

Банк инвестициясынан түсетін қаражат Қазақстандағы «Qyzyljar» арнайы экономикалық аймағында жемдік және тағамдық ашытқылар өндіретін жаңа зауытты салуға, жабдықтауға және пайдалануға беруге жұмсалады.

Өтпелі кезеңге әсері

Өтпелі кезеңге әсерінің күтілетін балдық бағасы: 62.

Экологиялылық: Жоба шеңберінде Қарыз алушы жаңа зауыт ғимаратының энергия тиімділігін арттыру бойынша бірқатар шараларды іске асыруға және ғимаратқа B сыныбындағы энергия тиімділігі сертификатын (EPC) алуға міндеттенеді. B сыныбы бойынша сертификатталған ғимарат елде ең төменгі талап ретінде белгіленген C сыныбына сәйкес келетін ұқсас ғимараттармен салыстырғанда жоғары экологиялық көрсеткіштерге ие болады. Бұдан басқа, жоба су мен энергия тұтынуын қысқартуға мүмкіндік беретін ресурстарды үнемдейтін өндірістік жабдықтарды пайдалануды көздейді. Осылайша, жергілікті нарық тұрғысынан жоба жоғары энергия тиімділігімен сипатталады және оның ЖЭҚ (GET) көрсеткіші 76,92%-ды құрайды.

Бәсекеге қабілеттілік: Қарыз алушы жемшөп қауіпсіздігі мен сапасын қамтамасыз ету мақсатында тиісті өндірістік практика, қауіпті факторларды талдау және сыни бақылау нүктелері (HACCP) бағдарламасы, операциялық басқару және тәуекелдерді басқару талаптарын қамтитын FAMI-QS сертификатын алуға міндеттенеді. Аталған сертификат халықаралық деңгейде, әсіресе Еуропалық Одақта, кеңінен танылады.

Клиент туралы ақпарат

«ПРОСОЛ БИОТЕХ ҚАЗАҚСТАН» ЖШС

«Просол Биотех Қазақстан» ЖШС (бұдан әрі – «Қарыз алушы») Қазақстан Республикасында жемдік және тағамдық ашытқылар өндіретін зауыт салу мақсатында құрылған және тіркелген компания болып табылады.

ЕҚДБ қаржыландыруы

6.5 млн еуро

7 жыл мерзімге, оның ішінде 2 жылдық жеңілдік кезеңімен берілетін, 6.5 млн еуроға дейінгі мөлшердегі бірінші кезектегі қамтамасыз етілген несие.

Жобаның жалпы құны

7.5 млн еуро

Қосымша құндылық

Қаржыландыру құрылымы: ЕҚДБ коммерциялық нарық көздерінен ақылға қонымды шарттармен алу мүмкін болмайтын қаржыландыруды ұсынады, мысалы, неғұрлым ұзақ жеңілдік кезеңі бар қаржыландыру. Мұндай қаржыландыру жобаны тиімді құрылымдау үшін қажет.

ЕҚДБ елдік, реттеушілік, жобалық, экономикалық циклдерге байланысты және саяси тәуекелдерді қоса алғанда, қаржылық емес тәуекелдерді төмендету арқылы клиенттер мен инвесторлар үшін, оның ішінде қаржылық және стратегиялық инвесторлар үшін, қолайлы жағдайлар қалыптастырады.

Гендер-SMART: Клиент гендерлік стандарттардың сақталуын және/немесе тең мүмкіндіктерді қамтамасыз ету жөніндегі іс-қимыл жоспарларын әзірлеу мәселелерінде ЕҚДБ-ның сараптамалық білімі мен тәжірибесін пайдалануға ұмтылады.

Экологиялық және әлеуметтік мәселелер бойынша түйіндеме

Жобаға B санаты берілді (2024 жылғы редакциядағы Экологиялық және әлеуметтік саясатқа сәйкес). Ашытқы өндіретін зауытты өнеркәсіптік аймақта салу және пайдалану учаскеге тән, уақытша сипаттағы экологиялық және әлеуметтік тәуекелдер мен әсерлерге байланысты, оларды Экологиялық және әлеуметтік іс-қимыл жоспарын (ЭСІЖ) іске асыру және тұрақты мониторинг жүргізу арқылы тиімді түрде азайтуға болады.

Экологиялық және әлеуметтік кешенді тексеру (ЭӘКТ) Банктің өз күшімен жүргізілді және сауалнамаға берілген жауаптарды талдауды, сондай-ақ жоба демеушісімен кейіннен бірлескен талқылауды қамтыды. Құрылыс жұмыстарына қатысты қоршаған ортаға әсерді бағалаудың (ҚОӘБ) ұлттық рәсімі сақталды. Қазақстан Республикасы Экология министрлігінің 2025 жылғы 29 тамыздағы ҚОӘБ қорытындысында көрсетілген қоршаған ортаны қорғау, сондай-ақ

халықтың өмірі мен денсаулығын сақтау талаптарын орындау шартымен құрылысқа рұқсат берілді.

ЭӘКТ нәтижелері Топтың жобаны ЕҚДБ-ның 2024 жылғы Экологиялық және әлеуметтік талаптарына (ЭӘТ) сәйкес құрылымдау үшін қажетті институционалдық әлеуетке ие екенін көрсетті. Қарыз алушы жаңа нысанның құрылысы мен пайдаланылуына байланысты тәуекелдер мен әсерлерге бейімделген және ISO 14001 (Қоршаған ортаны басқару) және ISO 45001 (Еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау) стандарттарына сәйкес келетін еңбек қауіпсіздігі, еңбекті қорғау және қоршаған ортаны қорғау жүйесін енгізеді.

Құрылыс кезеңінде еңбек қауіпсіздігі, еңбекті қорғау және қоршаған ортаны қорғау мәселелері жөніндегі менеджер мен әлеуметтік мәселелер жөніндегі маман тағайындалады. Олар еңбек қауіпсіздігі мен еңбекті қорғау саласындағы тиісті рәсімдер мен ресурстарға сүйеніп жұмыс істейді. Жаңадан қабылданатын қызметкерлерге, оның ішінде мердігерлер арқылы тартылатын қызметкерлерге оқыту ұйымдастырылады.

Тиісті рәсімдер қауіптерді анықтауды, тәуекелдерді бағалауды, оқиғалар туралы есептілікті, қоршаған ортаны мониторингтеуді және шағымдарды қарауды қамтиды. Құрылыс кезеңіндегі тәуекелдер мен әсерлерді азайтуға бағытталған нақты шараларды көздейтін және ЕҚДБ талаптарына сәйкес келетін Экологиялық және әлеуметтік басқару жоспары (ЭСБЖ) әзірленеді. Бұл жоспар алдын ала Банктің қарауына ұсынылады және толық көлемде мердігерлерге жеткізіледі.

Компания жаңа нысан қызметкерлерін басқару рәсімдерін әзірлеп, ЕҚДБ-ның №2 Экологиялық және әлеуметтік талабына сәйкес қызметкерлердің шағымдарын қарау тетігін енгізеді. Бұл тетік құрылысшыларға, компанияның штаттық қызметкерлеріне және қосалқы мердігерлердің қызметкерлеріне қолданылады.

Жаңа нысанда еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау көрсеткіштері бойынша статистикалық есеп жүргізілетін болады, ал құрылыс және пайдалану кезеңдерінде тәуекелдер мен қауіптерге тұрақты бағалау жүргізіледі.

Нысанның құрылысы мен пайдаланылуы белгілі бір деңгейде атмосфералық шығарындылармен қатар жүреді деп күтіледі. Бұл әсерлер өнеркәсіптік шаң ұстағыштарды орнату және тұрақты мониторинг жүргізу арқылы барынша азайтылады. Кепілгер нысанда энергия мен су ресурстарын пайдалану жөніндегі басқару рәсімдерін енгізіп, тұтынудың мақсатты көрсеткіштерін белгілейді.

Нысан үшін қауіпті және қауіпті емес қалдықтарды басқару жоспары әзірленеді, онда мүмкін болған жағдайда қайта өңдеу және құндылықты арттыру (валоризациялау) тәсілдері көзделеді. Қалдықтарды полигондарға шығару барынша қысқартылады және тек лицензияланған мердігерлер арқылы жүзеге асырылады.

Нысан қазіргі уақытта пайдаланылмайтын және келісілген реттеу шеңберінде сатып алынған Петропавл қаласының солтүстік бөлігіндегі «Qyzyljar» арнайы экономикалық аймағында орналасқан жер учаскесінде салынады. Биологиялық әртүрлілікке теріс әсерлер анықталған жоқ.

Компания нысандағы еңбек қауіпсіздігі, еңбекті қорғау және қоршаған ортаны қорғау жүйесіне интеграцияланған шағымдарды қарау тетігі мен рәсімін әзірлеп, енгізеді. Бұл жоба әсеріне ұшырайтын тараптарға экологиялық және әлеуметтік мәселелер бойынша шағымдар беруге мүмкіндік береді.

Сондай-ақ мүдделі тараптардың жүйелендірілген тізілімін және құрылыс пен пайдалану кезеңдерінде олармен нысаналы өзара іс-қимылды қамтитын коммуникациялық стратегия әзірленеді.

Экологиялық және әлеуметтік іс-қимыл жоспары (ЭСІЖ) жоба бекітілгенге дейін әзірленіп, Топпен келісілген. Қарыз алушы жоба бойынша экологиялық және әлеуметтік көрсеткіштер, сондай-ақ ЭСІЖ-нің орындалу барысы туралы Банкке жыл сайын есеп беріп отырады.

Экологиялылықты бағалау

Жоба ЕҚДБ-ның тікелей инвестициялық қаржыландыру кезінде Париж келісіміне сәйкестікті қамтамасыз ету жөніндегі тәсіліне сәйкес климаттың өзгеруінің салдарын жұмсарту және оған бейімделу бөлігінде Париж келісімінің мақсаттарына сәйкес келеді деп танылды. ЕҚДБ ұсынатын қаржыландырудың 76,92%-ы «жасыл» экономика қаржыландыруы ретінде жіктеледі, өйткені бұл қаражат климаттың өзгеруіне бейімделуге бағытталған іс-шараларды қолдауға жұмсалады. Аталған үлес ЕҚДБ-ның «Жасыл экономикаға көшу» (ЖЭҚ) жөніндегі анықтамалығында баяндалған бейімделу іс-шараларын қаржыландыру қағидаттарына сәйкес есептелген.

Техникалық ынтымақтастық және гранттық қаржыландыру

1) Жоба Жапония-ЕҚДБ ынтымақтастық қоры (JECF) қаржыландыратын техникалық ынтымақтастық (ТЫ) компонентін қамтиды. ТЫ қаражаты заңдық сараптама жүргізуге жұмсалатын шығындардың 70%-ын жабады (заңдық сараптаманың жалпы құны 69,250 еуро көлемінде бағаланады). Қалған 30% шығын клиенттің қаражаты есебінен қаржыландырылады.

2) Германияның Қоршаған орта, табиғатты қорғау, ядролық қауіпсіздік және тұтынушылардың құқықтарын қорғау жөніндегі федералдық министрлігі (BMUV) қаржыландыратын Agrifood Nexus бағдарламасы шеңберінде 150,000 еуро мөлшерінде инвестициялық грант бөлінеді.

3) Жоба Agrifood Nexus бағдарламасы қаржыландыратын техникалық ынтымақтастық (ТЫ) компонентін қамтиды. ТЫ қаражаты қаржылық сараптама жүргізуге жұмсалатын шығындардың 70%-ын жабады (қаржылық сараптаманың жалпы құны 17,000 еуро көлемінде бағаланады). Қалған 30% шығын клиенттің қаражаты есебінен қаржыландырылады.

Компаниядағы байланыс тұлғасы

Андреа Сперати
andrea.sperati@arkios.eu

Жобаның қысқаша мазмұнының соңғы жаңартылған күні

2026 жылғы 21 қаңтар

Өтпелі кезеңді түсіну

ЕҚДБ-ның өтпелі процеске әсерді бағалау тәсілдемесі туралы қосымша ақпарат мына жерде қолжетімді

Коммерциялық мүмкіндіктер

Коммерциялық мүмкіндіктер немесе сатып алулар туралы білу үшін клиенткомпаниямен байланысыңыз.

ЕҚДБ-ның коммерциялық мүмкіндіктері (сатып алумен байланысты емес) мәселелері жөнінде:

Тел.: +44 20 7338 7168

Email: projectenquiries@ebrd.com бойынша хабарласыңыз.

Мемлекеттік сектордың жобалары туралы ақпаратты ЕҚДБ сатып алулары сайтынан табуға болады:

Тел.: +44 20 7338 6794

Email:mailto:projectenquiries@ebrd.com procurement@ebrd.com

Жалпы сұраныстар

Нақты сұраныстарды ЕҚДБ сұраныстар нысанын пайдаланып жолдауға болады.

Экологиялық және әлеуметтік саясат (ЭӘС)

ЭӘС және онымен байланысты Жобаларды іске асыруға қойылатын талаптар (ІАТ) ЕҚДБ «экологиялық жауапты және тұрақты дамуға» жәрдемдесу бойынша өз міндеттемелерін орындайтын тәсілдерді айқындайды. ЭӘС пен ІАТ-қа клиенттер үшін ұлттық заңнаманың жұртшылықты хабардар етуге қатысты қолдануға келетін талаптарын орындау бойынша, сонымен қатар мүдделі тараптардың мәселелері мен шағымдарын, соның ішінде клиенттің және жобаның экологиялық және әлеуметтік тиімділігіне қатысты мәселелер мен шағымдарын қабылдау және оларды шешуге жәрдемдесу үшін шағым беру және қарау механизмін құру бойынша арнайы ережелер кіреді. Жобаның экологиялық және әлеуметтік тәуекелдері мен әсерлерінің сипатына және ауқымына сәйкес, ЕҚДБ өз клиенттерінен мән-жайларға қарай, жобалармен байланысты тәуекелдер мен әсерлер туралы ақпаратты ашуды немесе мүдделі тараптармен мазмұнды консультациялар жүргізуді, сонымен қатар олардың түсіндірулерін ескеруді қосымша талап етеді7

ЕҚДБ-ның бұл мәселе бойынша іс-тәжірибесі туралы анағұрлым нақтырақ ақпарат ЭӘС-та баяндалған.

Адалдық және белгіленген нормаларды ұстану

ЕҚДБ-ның корпоративтік әдепті бақылау бөлімі (КӘББ) адал басқаруды ынталандырады және Банктің бүкіл қызметінің озық халықаралық іс-тәжірибеге сай ең жоғары адалдық стандарттарына сәйкестігін қамтамасыз етеді. Жобалардың Банктің беделі үшін қабылдауға келмейтін тәуекелдер болып табылмайтындығын кепілдендіру үшін, Банктің клиенттерінің барлығына қатысты адалдықты кешенді тексеру жүргізіледі. Банк проблемаларды жобаны бекіту және бағалау кезеңдерінде айқындау және шешу Банк операцияларының адалдығын қамтамасыз етудің анағұрлым тиімді құралы болып табылады деп санайды. Осы қорғау шараларында, сонымен қатар жобалардың инвестициядан кейінгі кезеңдерінде адалдық тәуекелдерін мониторингтеу процесінде КӘББ шешуші рөл атқарады.

КӘББ сонымен қатар ЕҚДБ қаржыландыратын жобалардағы алаяқтық, сыбайлас жемқорлық және заңсыз әрекеттер туралы арыздарды тексеру үшін жауап береді. Алаяқтық пен сыбайлас жемқорлық фактісі туралы күдігі бар банктегі, сол сияқты одан тысқарыдағы кез келген тұлға Корпоративтік әдепті бақылау бөлімінің Басшысына compliance@ebrd.com электрондық

мекенжайына жазбаша хабарлама жіберуі тиіс. Көрсетілген мәселелердің барлығын КӘББ кейіннен шаралар қабылдау үшін қарайды. Хабарламалардың барлығы, соның ішінде бейесімді хабарламалар да қаралады. Хабарламалар Банктің немесе Банк операциялары жүргізілетін елдің кез келген тілінде қалдырыла алады. Ұсынылған ақпарат негізделген болуы тиіс.

Ақпаратқа қолжетімділік саясаты (АҚС)

АҚС 2020 жылғы 1 қаңтардан бастап күшіне енгеннен кейін ЕҚДБ-ның хабардар ету және Банк стратегияларын, саясаты мен операцияларын анағұрлым тереңірек түсінуге және білуге жәрдемдесу мақсаттарында мүдделі тараптармен өзара ықпалдасу бойынша ЕҚДБ процедурасын анықтайды. ЕҚДБ сайтындағы қолжетімді ақпарат туралы мәліметтер алу үшін Ақпаратқа қолжетімділік саясаты парақшасын қараңыздар.

Нақты ақпаратқа сұранысты ЕҚДБ сұраныстар нысанының көмегімен жасауға болады.

Жобалар бойынша есеп беретін тәуелсіз орган (ЖЕБТО)

Егер экологиялық, әлеуметтік саладағы мәселелерді немесе жұртшылықты хабардар ету мәселелерін шешу бойынша Клиенттің немесе Банктің шаралары күтілгендей нәтижелер әкелмесе (мысалы, Клиенттің шағымдарын берудің және қараудың жобалық механизмі арқылы немесе Банктің басшылығымен тікелей өзара ықпалдасу арқылы), жеке тұлғалар мен ұйымдар өз мәселелерін ЕҚДБ-ның Жобалар бойыша есеп беретін тәуелсіз органы (ЖЕБТО) арқылы шешуге талпыныс жасай алады.

ЖЕБТО Банкпен қаржыландырылатын қандай да бір объект зиян келтірді немесе келтіруі мүмкін деп санайтын жеке тұлғалардың немесе ұйымдардың өтініштерін тәуелсіз қарауды жүргізеді. Бұл орган әлеуметтік саланың, экологияның және жұртшылықты хабардар етудің жобамен байланысты мәселелері бойынша мүдделі тараптар арасындағы келіспеушіліктерді еңсеруге ықпал етуді;

Экологиялық және әлеуметтік саясаттың талаптарын және осы жобаға жататын Ақпаратқа қолжетімділік саясатының ережелерін Банктің орындайтынорындамайтындығын анықтауды; сонымен қатар, қажет болған жағдайда, аталған нормативтік құжаттарды ұстану Банк тарапынан орындалмай отырған жағдайларды қарауды және келешекте мұндай жағдайларды болдырмауды көздейді.

IPAM және оның мандаты туралы; қалай қайта қарау Сұранысын тапсыру туралы көбірек мәлімет білу үшін Жобалар бойынша есеп беретін тәуелсіз органның веб-сайтына кіріңіз; немесе IPAM туралы және сұранысты қалай тапсыру керектігі жөнінде нұсқаулық пен қосымша ақпарат алу үшін үшін IPAM-ға ipam@ebrd.com электрондық поштасы арқылы хабарласыңыз.